

Топ іші көз тартарлықтай безендірілген. Түрлі түсті ойыншықтар ілінген ортада әсем де, сұлу шырша тұрады. Шыршаның жанында жасырылып әдемі Аққала тұрады. Көңілді музыка әуенімен тәрбиеші балалармен топқа кіреді.

Тәрбиеші: Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде қандай мереке болады? Шыршаға қарандаршы, өте әдемі! Балалар, мынау тұрған не?(Аққала қатып тұрады)

Аққала қатып тұр, оны оятайықшы. Бізбен бірге мерекені қарсы алсын. Қазір бәріміз бірге «Бір, екі, үш Аққала оян!» – деп айтайық.

Аққала музыка әуеніне ояна бастайды:

Аққала: Қар жауғанда топ бала,
Соқты мендей аққала.
Мұрным сәбіз, үп үшкір.
Көзім көмір, қап қара.

- Сәлеметсіңдер ме балалар? Жаңа жылдарың құтты болсын!

Құрметті қонақтар! Жаңа жылыңыз құтты болсын! Жаңа жылға арналған «Жарқыра шырша!!!» атты ертеңгілігімізді қабыл алыңыздар.

- Сәлеметсің бе жасыл шырша!

- Балалар, шыршамыз өте әдемі екен, бірақ шамдары жанбаған. Енді не істедік?..... А, мен таптым! Мынадай әдемі шыршаның шамын біз ән айтып, би билеп, тақпақ айтып жағамыз!

- Олай болса, орнымыздан тұрып, сүйікті «Қар жауды» атты әнімізден бастайық. Бүлдіршіндердің орындауында «Қар жауды» әні.

Ән «Қар жауды».

Қар жауды, қар жауды
Бақытты бала жағы
Қар қызы, қар қызы
Ақшақарды жасайды


Қайырмасы:

Алтын шашты сүйкімды
Ақшақар күн секілді.

Сен сұлу, сен сұлу
Көреміз ғажаптанып
Қайырымды, қайырымды қыз
Сені жақсы көреміз

Қайырмасы:

Аққала: Жарайсыңдар!!! Қыс мезгілін жақсы көреміз бе? Онда қыс мезгілі туралы тақпақ айтып берейік. Ортаға Арлан, Тимур, Арина, Радмир, Айтуар шығады, тақпақтарын айтады.





Арлан: Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам оң болсын
Төрле, төрле жаңа жыл
Бізге құтты жол болсын!

Тимур: Оралдың өлкеме,
Жаңа жыл армысың.
Оранды ақ көрпеге,
Асқартау, қарлы шың.

Арина: Қандай қызық қыс деген
Бәрін шебер істеген
Бақша бауды, тауды да
Бояған ақ түспенен.

Радмир: Келді міне жаңа жыл
Қарсы алайық бәріміз
Күліп ойнап, би билеп
Ән салайық бәріміз

Айтуар: Қала нұр, дала нұр
Құтты болсын Жаңа жыл!

Аққала: Тамаша!!! Тақпақтарың керемет! Ой, ой, ой! Шыршамыз
шамын жаққан жоқ! Не істейміз? А! А! А! Мен таптым! Қазыр біздің
әдемі де көңілді қыздарымыз би билеп береді! Олай болса, әлемдегі
ең әдемі қыздардың орнауында «Шырша» биін қабыл алыңыздар.

«ШЫРША» биі

Аққала: Балалар бәріміз бірге: «Шырша шамы жан, жан!»
– деп, 3 рет қайталаймыз. (Шырша шамы жанбайды)

Мүмкін тақпақ айтсақ жанатын шығар? Балалардың шыршаға
арналған тақпақтарын бірге тыңдайық. Ортаға Аяла, Кирилл, Медина,
Арлан шығады тақпақтарын айтады.

Аяла: Тамаша, тамаша!
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.

Кирилл : Шыршаға бардық
Әсем ән салдық
Аяз атадан
Сыйлықтар алдық





Медина: Жасыл желек жамылған,
Асыл моншақ тағылған
Міне, сұлу шыршамыз.
Көптен күтіп сағынған!

Арлан: Жаңа жыл, жаңа жыл!
Жаңа жылда – жаңа жыр.
Жаңа шырша жанында
Жадырап бар бала жүр.

Аққала: Балалар, келіндер, келіндер көңіл көтерейік, ортаға
Шығайық ойын ойнайық!

Қөңілді қозғалыс ойыны «Қар атысу»

Аққала: Бұл не, шыршамызға не болды? Неге шырша шамдары жанбайды
екен? А,а,а! Оның сиқыры осында! Балалар, мен сендерге
жұмбақ жасырамын, ал сендер оны шешесіңдер.....

Қыста ғана болады,
Ұстасаң қолың тоңады. (Қар)

Бір ақсақал жылына
Бір – ақ рет келеді.
Көп қызы мен ұлына
Сыйлық әкеп береді. (Аяз ата)

Аққала: Балалар жаңа жылды тойлауға ортамызда кімдер жоқ? Дұрыс Аяз
атамен Ақшақар! Олай болса, барлығымыз қосылып «Аяз ата,
Ақшақар» деп шақырайық. (хормен шақыру).

Әдемі музыка әуеніне Аяз атамен Ақшақар келеді:

Аяз ата: Армысыңдар ұлдарым!
Армысыңдар қыздарым!
Асау желмен алысып,
Самал желмен жарысып,
Аталарын алыстан,
Келді сендерді сағынып!

Ақшақар: Уа, халайық жарандар
Айналаға қараңдар
Жаңа жылдың бұл тойын
Салтанатқа санандар



Қызық көріп, шап болып
Шаттық күліп тараңдар.

- Сәлеметсіздер ме балалар бізді шақырдыңыздар ма?
Ата қарашы, қандай әдемі шырша, ал шамдары жағылмапты.

Аяз ата: Кел балалар қызықтайық!
Шырша шамын жағайық!
Бәріміз бірге қосылып
Мына сөздерді айтайық!

«Қуант бізді таңырқап
Шамдарыңды жарқырат!» - 3 рет қайталап айтады.

Аяз ата шыршаның шамын жағады.

Аққала: Аяз ата, шаршаған шығарсыз! Келіңіз жайғасып отырыңыз.....
Балалар,
Келіңдер, келіңдер!
Тақпақ айтып беріңдер!
Жомарт Аяз атадан,
Сыйлық алып көріңдер!

Таисия, Байали, Дария Аяз атаға тақпақтарын айтады.

Таисия: Бізбен бірге ойнайды,
Жаңа жылды тойлайды.
Барлық бала бақытты,
Болса екен деп ойлайды.

Байали: Көрікті, бөрікті,
Аяз ата келіпті,
Бәрін, жатыр таратып,
Алма, анар, өрікті.

Дария: Ақ қырауға малынған
Сақалы да, мұрты да.
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына!

Аяз ата: Бәрекелді, балалар тақпақ біледі екенсіңдер, қуантып тастадыңдар.

Аққала: Аяз ата, ән айтсақ, қалай қарайсыз? Бізбен бірге шыршаны айналып,
қол ұстасып «Жаңа жыл» әнін айтайық.

Ән «Жаңа жыл».

Ару жаңа, Жыл жаңа 3 рет
Ән де жаңа, Жыл жаңа 2 рет

Айналада балалар 3 рет
Жасыл шырша басында 2 рет



Аяз ата: Керемет қандай өнерлі балалар екенсіңдер. Ешқайда да тарамай, шыршаны айналын тұрыңдар. Мен болсам сендерге ойын ала келдім. Ойынның аты «Қатырамын!». Сендер шыршаны айналып жүресіңдер, ал мен ортада жүремін де «Қатырамын, қатырамын, мұрныңды, немесе бетті, маңдайды, қолды..... қатырамын!». Мен айтқан жерді сендер, алақаңмен жауып, уқалау керексіңдер.

Аққала: Аяз ата көп рахмет сізге!!! Балалар ойын ұнады ма? Орнымызға отырайық. Сізде Аяз ата отырыңыз, шаршаған шығарсыз.

Ақшақар: Менде сендерге бос келген жоқпын. Менім жұмбақтарым бар, шеше аласыңдар мына сыйқырлы қорап ашылады! (қорап музыкалық аспаптарымен толы болады)

1. Қызыл мұрын, ақ мұрты
Білсең атын тез ата
Келеді бізге (Аяз ата)
2. Шырша бүгін кәделі
Сендер бүгін (Әдемі)
3. Көңілсіз бала жоқ
Ойын-күлкі таралсын
Құтты болсын (Жаңа жыл)

(Қорап ашылып балаларға аспаптарды таратылады)

Аққала: Құрметті Аяз ата, Ақшақар, қонақтар алдарыңызда № 10 «Балапан» тобының орнауында жаңа жылға қарсы – ОРКЕСТР
Қабыл алыңыздар!!

Аққала: Балалар, Аяз ата сендерді өнерлі деп айтты. Еді өнерімізді бимен көрсетейік. Олай болса біздің ұлдардың «Сылдырмақ» биін тамашалаңыз.

Би «Сылдырмақ»

Аяз ата: Тамаша, тамаша! Би қандай тамаша!

Аққала: Әрі қарай тақпақтарын тыңдайық. Демьян, Давид, Аиша шығады тақпақтарын айтады.

Демьян: Я тебя так долго ждал,
Я тебя в окошко звал!
Ты пришел, мой Дед Мороз!
А подарок мне принес?

Давид: Я подарочек приму,
Деда крепко обниму
И станцую, и спою
Этот праздник я люблю!!!






Аиша: По лесу новогоднему
За ворот пряча нос,
Везет подарки сладкие
Мне Дедушка Мороз!

Аққала: Аяз ата біздің балаларға риза шығарсыз. Ән де айтып берді,
Би де билеп берді. Ал енді сыйлық алғылары келіп отыр,

Аяз ата: Ой,ой Ақшақар менің қолғабым қайда? Сыйқырлы қолғап еді.

Ақшақар: Балалар кім қолғапты тауып алады, сол сыйлықты да табады.

Балалар сыйлықтарын алады, Аяз ата мен Ақшақар қоштасып кетеді.
Балалар музыка әуенімен топқа қайтады.



№ 10 «Балапан» тобына арналған ертеңгілік

Тақырыбы: «Жарқыра шырша!!!»

Мақсаты: Балалардың жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Мерекелік көңіл – күй ортасын ұйымдастыру. Образдық бейнелерді сомдай білуге үйрету, хормен ән айту шеберліктерін арттыру. Би қимылдарын қызығушылықпен, ырғақты сақтай орындауға төселдіру.

Білімділік: Жаңа жыл туралы тақпақтарды айтқыза отырып, қыс мезгілі туралы білімдерін тиянақтау.

Дамытушылық: Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, ой өрістерін кеңейту.

Тәрбиелік: Ұқыптылыққа, тазалыққа, жауапкершілікке, көпшілік ортада тәртіпті, инабатты ұстауға тәрбиелеу.

Пәнаралық байланыс: Музыка, тіл дамыту, айналамен танысу, би өнері.

Ертеңгілікке жауаптылар:

Жүргізуші:

Аққала: Б. Х. Муканбетова

Музыка жетекшісі: М. Е. Сундетов

Би жетекшісі: Д. А. Шафигулина

Аяз ата: Е. М. Жилкибаев

Ақшақар: А. Ж. Беркімбаев

Орындалатын әндер: Жауапты: Музыка жетекшісі: М. Е. Сундетов

1. Ән «Қар жауды».

2. Ән «Жаңа жыл»

Орындалатын билер: Жауапты: Би жетекшісі: Д. А. Шафигулина

1. Би «Шырша»

2. Би «Сылдырмақ»

Ойындар: Жауапты: Б. Х. Муканбетова

1. «Қар атысу»

Көрнекілік: (матадан жасалған қарлар)

2. «Қатыру»

Көрнекілік: (Аяз атаның таяғы)

КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
«Ю.А. ГАГАРИН ат. № 33 БАЛА БАҚШАСЫ» МКҚК

«Жарқыра шырша!!!»

№ 10 «Балапан» ортаңғы тобына арналған ертеңгілік»

*Құрастырған № 10 топ тәрбиешілері:
Муканбетова Б. Х.
Беркімбай А. Ж.*

Көкшетау қаласы.